

АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯ МЕН ҚЫТАЙ СЕРІКТЕСТІГІ

Жаңалық Гүлім Жаңалыққызы

Gulim.zhanalyk@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің

Халықаралық қатынастар кафедрасының 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Жапонияның сыртқы саяси концепциясында Қытайдың орны ерекше. Бұл елдер тек географиялық жағдайы мен дәстүрлі саяси байланыстылығымен ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды экономикалық–саяси және әскери–стратегиялық мәселелерді шешуде Жапонияның бұрыннан бергі серіктестігі болып келеді. Екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнығуы Жапонияның ғаламдық саясатында, сондай-ақ Азия-тынықмұхит аймағы елдерінің қарым-қатынасында қытай факторының мәнін дереу өсіріп жіберді.

Жапония басқарушы топтары Қытаймен саяси байланыстың дамуына көбірек көңіл аударды. Пекинмен жақындасу Жапония үшін Кеңес Одағы мен АҚШ-пен қарым-қатынаста пайда табуға қосымша мүмкіншіліктер ашуы мүмкін еді және де әлемдік аренада Жапонияның бағытын нығайтуға жол ашады. Бұл жөнінде жапондықтар «АҚШ, Қытай және Кеңес Одағының арасында отырып, осы үшбұрышты өз жолымызбен дұрыс жүруімізге пайдалана алуымыз қажет» делінген.

Жапон-қытай дипломатиялық қарым-қатынасының қалпына келуі екі елдің арасындағы экономикалық байланыстың дамуына да көбірек ықпалын тигізді. 1974 жылы бесінші қаңтарда Жапония сыртқы істер министрі М.Охираның Пекинге келуі кезінде сауда келісіміне қол қойысты. Онда ғылыми-техникалық айырбас жөнінде бір-біріне мол ақпарат беру қарастырылды. Екі ел арасында экспорт, импорт көлемі ұлғая түсті. ҚХР жапон тауарының нарықтық жинағы бойынша АҚШ-тан кейін екінші орынға кірді.

Сурет 1. ҚХР экспорт және импорт көлемі (1978-2010 жж.)




Егер Жапония үшін ҚХР мен сауда маңызды рөл атқармаса да, Қытай экономикасы үшін сауда қатынасы жоғарғы мәнге ие болды. 80-жылдардың соңында Жапонияның ҚХР-мен қарым-қатынасының дамуы күрделене түсті. Жапон-қытай қатынасының тұрақтануында екі ел арасындағы идеологиялық қарама-қайшылық өзара тәуелді және пайдалы байланыс жасауда кедергі бола алмады. Екі ел арасындағы сауда-экономика саласы да дамудың биігіне шықты. Жапондықтар Қытайға жоғарғы технологиялық өнімдерді ұсынды.

70-80 жылдардағы екіжақты байланыс кең ауқымдылығымен ерекшеленді, барлық салада да өсімді де, өнімді дамыды.

Жалпы Жапонияның Қытаймен қарым-қатынасында соңғы жарты онжылдықта екі жақтың да саяси және экономикалық диалогта кеңею бағыты бойынша және талас мәселелерді тек екі жақты қызығушылық бар жерде шешуге бірге баруға дайын екендері паш етілді. Сондай-ақ, Жапония Қытайдың өнеркәсіп өнімдерін экспорттауда, валютаны толтырудағы басты рыногы. Қытай-жапон қарым-қатынасының жоғары деңгейде жүргізілуін қамтамасыз ете отырып, Қытайдың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуда өзіне қажетті жағдайын жасауға тырысты. Ал жапон үкіметі Қытаймен жақындасу экономикалық, саяси және әскери салада, ғаламдық және аймақтық деңгейдегі өзінің қауіпсіздігін нығайтуға тырысты. Ал, қытайлықтар жапоннан алатын құрал-сайманға энергетика шикізат айырбастау шегін өсіруді ойластырды.

Сурет 2. Жапония экономикасы құрылымының динамикасы, 1970-2010 жж.



80-жылдардың ортасында өнеркәсіп шикізаты мен энергетика өнімдері әлемдік нарықта бағасы кеми түсті, жапон импорттаушылары қытай шикізатын сатып алуға тұрақты да, елеулі қаржы бөле алмады. Сондықтан 80 жылдардың өзінде жапондықтар үшін қытай рыногы «экономикалық қауіпсіздік» негізінде қолдану есебі белгілі болды. Сол себепті жапон іскерлерінің көзқарасы ҚХР-ды «экономикалық қауіпсіздік» үшін қолдануы қарым-қатынасты жан-жақты нығайтумен аймақтық және ғаламдық деңгейдегі стратегиялық тұрақтылық үшін ауыстырылды.

АҚШ Жапонияның Қытаймен жақындасуына бөгет болды. Жапония осы екі елдің ынтымақтастығын Азия-тынық мұхит аймағындағы Кеңес Одағының жақындауына бағытталғанын қолдады, бірақ Жапонияның АТР-гі бағытына қысым жасауын қолдамады. Ол АТР-гі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін АҚШ-пен тең жауапкершілікті бөлісуді ойлады.

Ал ҚХР болса, АҚШ-пен де, КСРО-мен де, Жапониямен де жақындасу саясатын жүргізуді қолға алған еді. Жалпы Қытай мен Жапонияның АТР-гі «өмірлік қызығушылығы» сәйкес келді.

Ивент анализ автормен құрастырылған

Субъект-инициатор	Сюжет	Субъект-мишень	Уақыт
Сенкаку аумағы	Физикалық Қытай-жапон соғысы. Пекин Тайваньмен бірге Сенкакуды Токионың пайдасына берді. Қытайлықтар Сенкаку аумағын қарастыруы Іс жүзінде, аралдар Жапонияның бақылауында болуы.	бірінші қытай-жапон соғысының нәтижелері бойынша жапондардың бақылауына алғаш енуі	1894-1895
Тайвань	Физикалық Жапония мен Қытай бейбітшілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімшартқа қатысуы Жапония мен Қытай аралдар төңірегіндегі пікірталастарды тоқтату туралы келісімге келді.	Қытай мен Тайвань аралдарға өздерінің талаптарын Жапонияға оралуына байланысты жариялауы.	1971-1978
Шығыс Қытай	Физикалық Жапония премьер министрінің қолдауы Атап айтқанда, Жапония премьер-министрі қолдап ол: «Мен проблемалар теңізін достық теңізіне айналдырғым келеді жағдай оң бағытта дамыды,	Шығыс Қытай теңізіндегі кен орындарын бірлесіп игеру	2000-2009
Жапония	Физикалық Қытайдың патрульдік кемелерінің Сенкаку маңына келуі. Қытайдың алты патрульдік кемесі Жапония өзінікі деп санайтын аумақтық суларға кірген.	Қытайдың патрульдік кемелері үнемі дерлік Сенкаку маңында болуы.	2012 -2013

Жапония	Физикалық Жапонияның аралдарға байланысты шиеленісі	Тайвань қақтығысқа ашық түрде қосылуы.	2012 жыл 17-25 қыркүйек
ҚХР	Физикалық ҚХР Теңіз полициясы департаментін құруы. Тайвандық 50-ге жуық кеме Сенкаку арқылы өтпек болды. Жапониямен аралдарға байланысты шиеленіскен жағдай аясында Қытай өзінің жауынгерлері мен десантты кемелерінің қатысуымен әуе күштері жаттығуларын бастады.	Жапония Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Акитака Сайкидің ҚХР-ға сапары кезінде ҚХР Сыртқы істер министрі Ван Имен екіжақты қатынастар, оның ішінде Сенкаку жанжалы туралы келіссөздер жүргізді. ҚХР Теңіз полициясы департаментін құрды, оның функцияларына, атап айтқанда, «аумақтық суларға қатысты елдің егемендігін қорғау» кіреді.	2013 жыл 23-30шілде
Сенкаку аралдары	Физикалық Халықаралық бұғаздардың салынуы Жапонияның өзін-өзі қорғау күштері Шығыс Қытай теңізінен Тынық мұхитына апаратын халықаралық бұғаздарды нысанаға алды	Қытай теңіз полициясының төрт қайығы Сенкаку аралдары аймағына кірді..	2013 жыл 6-23 қараша

Си Цзиньпин мен Синдзо Абэ төрт пункттен тұратын келісімге қол жеткізген кезде ғана жағдай 2014 жылдың қараша айына дейін қалыпқа келтірілді, оның бірі «Диаоюйда аралдары айналасындағы жағдайдың нашарлауына жол бермеу үшін келісім. Тараптар жағдайға қатысты әртүрлі көзқарастарды ұстанатындықтарын және осылайша қақтығыстың одан әрі дамуын тоқтатқандықтарын көрсетті. Алайда, Қытай мен Жапония әлі де болса территориялық дауды толық шешуден алыс. Мұның ішкі және сыртқы себептері бар. Біріншісі - аралдардың екі жақ үшін де өте маңызы зор екендігі. Сыртқы себептерге келетін болсақ, бұл Қытай мен Жапонияның қаншама жылдық тарихы бар серіктестігі болғандықтан екі ел үшін де өте маңызды болып табылады.

Қытаймен экономикалық байланыстың жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету үшін Жапон үкіметі АТР-де халықаралық ынтымақтастыққа Қытайды тартуға күш салды. Бұл аймақтың дамуы үлкен өсіммен ерекшеленді және Қытайды осы аймақтағы елдермен сауда-экономикалық айырбасқа тарту жапон тарапынан болды. Жапония АТР-гі экономикалық басты держава Қытайға осы аймақтың басқа елдермен өзара тиімді тауар айырбасын жасауға көмектесу үшін өзінің халықаралық беделін пайдалануды көздеді .

Қорытынды. Азия-тынық мұхиты аймағы елдеріндегі Жапонияның рөлі әр қырынан, яғни экономикалық, саяси, ынтымақтастық, дипломатиялық жағынан көрініп, әлемдік

саясаткерлер мен ғалымдар тарапынан жоғарғы бағаға ие болды. Азия-тынық мұхит елдеріндегі өткен барлық дерлік процестерде жапон саясатының ізін қалдырып кеткені анық.

Жапония өзінің экономикалық қуаттылығын пайдалана отырып, өзге елдерді өз экономикасына тәуелді ете білді және ондағы шешуін таппаған мәселелерді түзетуде зор ықпал етіп отырды. Сондай-ақ, саяси аренада өз беделін көтере алды. Әлемдік, аймақтық, көршілік саясат жүргізуде жеңіске жетіп отырды. Сонымен бірге, дүниенің алпауыт елдері АҚШ, Қытай елдерімен де тіл табысып, шебер дипломатиясымен өзін қорғай білді. АҚШ пен Қытайды қандай жағдайда болмасын өзінің серіктесі ретінде ұстанып отырды. Ал Қытаймен байланысы мүлде шиеленісті жағдайда өтті. Бірақ, Жапония нәзік дипломатиялық әдіспен тепе-теңдікті сақтады. Қытай саясаты екі бағытта көрінді. Бірі-серіктес ретінде қалыптасса, екіншісі аймақта үстемдік құру бәсекелесі. Дегенмен екі жақты да бір-біріне тәуелді еткен арадағы сауда мәселесі болатын.

Қытайды АТР елдерімен ынтымақтастыққа тартуда Жапония екі бағыт ұстанды:

– Бірінші, жапон-американ сауда және экономикалық байланыстың ққрылған жүйесіне Қытайды араластыру жолымен.

– Екінші, осы аймақтың дамушы елдерімен тікелей көп жақты байланыс орнату жолымен.

Бірінші бағыт Қытай, АҚШ және Жапонияның АТР-де экономикалық құрылымының тығыз интеграциялануын болғызу. Бұл үш жақты ынтымақтастықтың бірнеше сатыдан өтуі керек болды. Қытайға Жапониядан капитал шығару; жапон технологиясы мен құралын пайдаланумен жапон-қытай бірлескен өнеркәсібінде жартылай өнімдерді өңдеу Қытай сауда маркасымен АҚШ-қа өнім шығару. Сондықтан Америка тарапы Қытай өнімдерін жоғары сапада сатып алуды жүзеге асыра отырып, Қытайға валютасын жұмсау мүмкіндігін берді және американо-қытай қарым-қатынасын нығайтпақ. Жапон фирмалары Қытаймен кооперативтік байланыста бола отырып, американо бағытында экспортының кеңеюін күшейтуге мүмкіншілік алды. Бұл ынтымақтастық ҚХР, АҚШ, Жапония арасындағы мемлекет аралық қатынасты жақындастырады.

Екінші бағыт АТР-гі дамушы елдермен жапон-қытай ынтымақтастығының көп жақтылығын қарастырды. Осы байланыстарды дамытуда біріккен қытай-жапон өнеркәсібі осы аймақ (рыногында) нарығында өздерінің шикізат және өндірушілік әрекеттерін дамыта түсті .

Екі елдің сауда қарым-қатынасы орталықтанған рөлге ие болды. Бүгінгі күні Жапония мен Қытай әлемдік «сауда жұптасы» бойынша, АҚШ-Канада, АҚШ-Жапония, Франция-Германиядан кейін төртінші орынды алып отыр. 20 жыл ішінде Қытай Жапонияның басты серіктесі ретінде АҚШ-тан асып түсуі мүмкін деген болжам бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В мире: Япония и Китай спорят из-за островов./ [Электрондық ресурс] URL: www.lenta.ru/world/2003/01/06
2. [Электрондық ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1600000518>.
3. [Электрондық ресурс] URL <https://tass.ru/spravochnaya-informaciya/659437>
4. Сладковский М.И. Китай и Япония. – М., 1971
5. [Электрондық ресурс] URL <http://eurasian-defence.ru/?q=node/4587>
6. Японо-китайские экономические связи: между сотрудничеством и конкуренцией Коростелева М. О., Саплин-Силановицкий Ю. В.
7. <https://publications.hse.ru/chapters/203471596>